"ЖАУ" ДЕГЕН – ЖАУДЫҢ ЖАЛАСЫ

(Мағжан өмірбаянының кейбір тұстары туралы)

Мағжантанудың ұзын көшінің басында алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тұрғанын айту парыз. "Осындай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады", – деп тебіренеді. 20 жастағы ақынға Әлекең 1913 жылы-ақ осындай баға берген.

Мағжанның ұстазы – Міржақып Дулатов. Мағжан "Оян, қазақты" қолжазба күйінде көрген. Осы Қызылжарда туған тұңғыш қазақ романы "Бақытсыз Жамалдың" жарыққа келуіне шәкірт Мағжан куә. Мағжанның шығармашылық өмірбаянының да толық, шын ғылыми тұрғыда жасалатын күні алыс емес шығар. Смағұл Садуақасов айтып, ел аузында қанатты сөзге айналған: "Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі" деген бағаның түп-тамыры "Мен жастарға сенемін" өлеңінде жатыр. Үлкен тебіреніспен, жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да "Мен қазақ ұлымын!" деген әрбір жастың жүрегіне жол тауып, буырқанған құлшыныс туғызарына сөз жоқ. Әнұран, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта "Мен жастарға сенемін!" деп келіп отыратын тегеурінді шумақтар көкірегінде сәл ғана шоғы бар жас сананы жалындататын арыны күшті көрік еді.

Мағжан өмірінің аса бір шиеленісті кезеңі 1922 жылы-ақ басталды.

"Жау" деген – жаудың жаласы,
Әділ болсаң, өмірімді
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.

Мағжанның жазығы – жаңа ғасырдың көкжиегінен зор ақындық қуатпен жарқ етіп көрінуі еді. Мағжан тұрғанда, оның өлеңі ел құлағында жүргенде ақынмын деп, өлең жазамын деп қағаз шимайлау әркімге оңай болмаған. Бұл ақынның мысы өзге өлеңшілерді басып кетті, өнердің төресі ұлы мәртебелі поэзия төріне Мағжанды аттап қана өтуге болатын еді, ақындықтың дәрежесін Мағжаннан асыру керек еді. Міне, жала қайдан, жалақорлар кім? Жауабын осы себептен іздеңіздер! Сталин де емес, компартия да емес, өз қазағымыз, өз ақындарымыз.

Ол ұлтшыл еді. Онысына жазықты да емес. Себебі, Ахмет Байтұрсынов айтқандай: "Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық-зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес". Әлбетте, көзі жаңа ашылып келе жатқан қазақ зиялылары, солардың ішінде, мысалы, Мағжан Жұмабай сияқты дарын иелері, естиярлары сыры беймәлім, шын-өтірігі күмәнді "пролетариат диктатурасын" аяқ-қолын көтеріп қолдауы керек пе еді? Құлдықтан жаңа босаған қазақ халқының мұңын жоқтауы керек пе еді? Бүгінгі ұрпаққа біз осыны ашып түсіндіруіміз керек.

Мағжан өз халқының ел болып, еркін дамуын аңсады. Оның шығармаларының сара тақырыбы – қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны – қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті. Туған халқының бостандыққа шығу жолын көрсетеді. Сол үшін мерт болды. "Оян, қазақ!" деп жар салған ұстазы Міржақып Дулатовқа үн қосты.

Ал билікке Кеңес өкіметі келіп, Алаш көсемдерінің арқасында Қазақстан автономиялы республика дәрежесінде отау тіккенде: "Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт Алаш мырзасының яки бірлі-жарым "жолдастың" бостандығы емес. Бостандық елдікі! Автономия елдікі!

Автономия жолында малды, басты құрбан қылдым", – деп айтуға Мағжанның ғана айтуға хақысы бар.

"Аязды күні айналған,
Бұлтты күні толғанған,
Құрығын найзадай таянған,
Қу толағай жастанған
Ер қазақтың автономиясы, бұл!", – деп сонау 1921 жылдың қаңтарында жар салған Мағжан болатын. Міне, осыны айтуымыз керек бүгінгі ұрпаққа.

Кеше, 17-18-19 жылдарда "автономия" деп атқа мінген азаматтардың біразы қазір автономияға үмітсіз, салқын қарайды. Кіріскісі келмейді. "Тілегенің осы емес пе, неге кіріспейсің?" десең, "Бұл – біздікі емес, "жолдастікі" (сауаты аз "коммунистбелсенді" деген мағынада.-З.Т.) дегендей. Қазіргі халдің қожасы кейбір жолдасқа жолықсаң: "Автономия – менікі, мен болмаған кісі аулақ жүрсін", дегендей. Мұның аты – ұғыспау, ұқпау ғой".

Яғни, Мағжан кейбір шолақ белсенділер сияқты автономия көрпесін өзіне тартпай, бұл автономияның тағдыры ұлт тағдырымен, бірнеше ғасыр езгіде болған қалың қазақтың тағдырымен байланысты деп есептейді. Сондықтан: "Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт алаш мырзасының, яки бірлі-жарым "жолдастың" бостандығы емес. Бостандық елдікі! Автономия елдікі! Автономия жолында малды, басты құрбан қылдым деп, қазақ оқығандарының қайсысының болса да айтуға хақы жоқ!" – деп қатты айтуға мәжбүр болған. Үлкен де, кіші де өзінің бой қуаты мен ой қуатын қазақ мемлекеттігін нығайтуға жұмсауы қажеттігін жан-жүрегімен сезінген күрескер ғана осылай жаза алады.

Ахмет Байтұрсынов кезінде

Мағжан өз халқының ел болып, еркін дамуын аңсады. Оның шығармаларының сара тақырыбы – қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны – қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті.

үкімет басындағы большевиктердің көсемі В.Ленинге арнайы хат жазып, қазақ даласындағы саяси жағдайды түсіндірмек болғаны мәлім:

"...Қазіргі уақытта кез келген адам өзін коммунист деп атайды. Оларға үңіліп қарамайынша, кереметтің күшімен бәрі коммунистерге айналған екен деп ойлайсың. Бірақ керемет тек ертегілерде болады, ал фәни жалғанда ондай болмайды". Сондықтан Ахаң: "Қазақ өлкесін басқаруға аты ғана коммунист емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық сеніміне ие болған ұлт зиялыларынан шыққан, сыннан өткен идеялық қызметкерлер қойылсын...", – деп көрегендікпен болжады. Бірақ ұлт ұстазының ұсынысы қабылданбады, "табы бөлек" зиялылырды құрту науқаны жалғаса берді...

"Бізде Мағжан Жұмабаев деген ақын жұмыс істейді", – деп 1925 жылы Сталиннің өз аузынан естігенін Сәбит Мұқанов айтады. Осы бір ауыз сөздің ақиқатына жетіп, Мағжан Кремльде, Орталық Комитетте жұмыс істеген бе? Немесе коммунистік университетте оқытушы-лектор болып жұмыс істеп, жалақы алған Мағжан Жұмабаевтың Ленин еңбектерін орысшадан қазақшаға аударғаны туралы не білеміз? Осы мәселені байыптап тексеріп, ақынның өмір-деректеріне қосқанда, есіл ер тірі қалар ма еді, қайтер еді?! Болжау қиын...

"Мағжан Жұмабай неге ақталмайды?" – деп іздеу салып, әйелі Зылиқа Одақ патшасы Хрущевке хат жазды, қарт коммунист Әшімбек Бектасов Мәскеу мен жоғары партия мекемелеріне, партия съездеріне өтініш жолдады, сол үшін зейнетте жүрген коммуниске қатаң сөгіс берілді, Қайролла Махмудов, Бейсенбай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин сынды профессорлар, Тахауи Ахтанов, Әнуар Әлімжанов, Иван Шухов, Александр Жовтис сияқты жазушылар ҚазМУ-де арнайы жиналыс өткізіп, қасқайып отырып, "Мағжан ақталсын!" деп қаулы қабылдап, Орталық комитетке жолдады. Үлкен қайраткер Ілияс Омаров Мағжанды қолдағаны үшін өз партиясынан таяқ жеді.

Қауіпсіздік комитетіне Қазақстан Жазушылар одағының атынан, сол кездегі хатшысы Әбділдә Тәжібаев қол қойып, қағаз түсірді. Осы құжатқа табынып, тергеуші Мұқаев, 1938 жылы атылып кеткен Мағжан ақынның шет елдің, жапонның барлау қызметімен байланысы туралы айып бекітілмесе де, әдеби мұрасы туралы 1960 жылғы 11 маусым күні мынадай қиянатты қорытынды жасады. Мағжан мұрасы тағы 28 жыл тұншықты, есімін атауға тыйым салынды.

"Осы іс бойынша Қазақстан Жазушылар одағы: "...оның ақындық мұрасы, тұтас алғанда, идеялық ұстанымы жағынан ұлтшыл-буржуазияшыл, олай болса контрреволюциялық сипатта... Жұмабаев әдебиет өлкесіне нағыз декадентшіл, қазақтың жас буржуазиясының идеологі болып келді..."

Осы қағаз жазылғаннан кейін, бас-аяғы 16 күн дегенде, Мағжан ақталды. (Жазығы жоқ деп ақтаған Қазақстан соты емес, 1960 жылғы 29 маусымда, Түркістан әскери округінің прокуроры Пастревичтің наразылығы негізінде, әскери трибуналдың 8 тамыздағы шешімімен.-З.Т.) "Бұрын тағылған айып бойынша жазасын толық өтеген, одан басқа жаза тағайындайтын негіз жоқ, "жапон шпионы болдым" дегені жалған, совет құжаттарында ондай дерек жоқ".

Ақталғанына қарамастан, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюросына 1968 жылы (мәжілісті екінші хатшы В.Титов басқарған) сонда да Мағжанның есімін атауға тыйым салынды, себебі "сот жүзінде ақталғанымен, моральдық тұрғыда ақталмапты. Кім ақтамапты? Жазушылар одағы ма? Қазақ халқы ма? Аты аталмай, жарық дүниеге көтеріліп келе жатқан басынан теуіп, қайран боздақ "көрге" қайта көмілді.

"Литературная газетаның" Қазақстандағы тілшісі Әнуар Әлімжановтың Мағжан Жұмабайдың 70 жылдығына арнап, 1963 жылы жазған мақаласын және орысшаға аударылған екі өлеңінің қолжазбасын Мәскеудегі архивтен таптық. "Қалай да бастыра көріңіздер, Мағжан Жұмабаевты бүкіл түркі тілдес республикалар құрметтейді, газетіміздің таралымы көбейеді", – деп автордың жалына жазған хаты да жатыр.

1982 жылғы қазанда "Білім және еңбек" журналы Қойлыбай бақсы туралы аңызды алғысөз жазып жариялағаны үшін Алашорда қайраткері М.Жұмабаевты дәріптеді деп редактор Бейбіт Қойшыбаевқа қылмысқа бергісіз жала жабылды. Әріптестері: "Біздің партия үшін Жұмабаев ақталмаған. Және бұл алашордашы ешқашан да ақталмайды", – деп кесімді үкім шығарғанына куә болдық. Бейбіт құрдасымыз әділет іздеп, Д.А.Қонаевқа шағымданды. Мағжан Жұмабаев тағдырын арқау етіп, 1983 жылы 27 ақпанда Совет Одағының бірінші басшысы Ю.В.Андроповтың атына жазған хатына екі рет жазықсыз қудаланып, ату жазасына кесілген Мағжан ақынның тағдырын арқау етеді. Хатта мынадай сөздер бар еді:"В 1960 г. его реабилитировали. М.Жумабаева считают поэтическим мостом между Абаем и современной советской казахской поэзией. Тем не менее, творчество М.Жумабаева находится под фактическим запретом. А с высот сегодняшнего дня можно и надо заполнить пробел в истории казахской литературы, вернуть незаслуженно забытые имена и не дать повода кривотолкам, – к этим мыслям наталкивают положения о внимательном отношении к национальной культуре, высказанные Вами, Юрий Владимирович, в докладе "Шестьдесят лет СССР".

Ақыры Мағжан атамыз арамызға оралды, оның шығармалары Тәуелсіз қазақ елінің аңсаған арманының ұранындай ұрпақтарының аузында. Мұндай көзсіз ерлік басқамыздың қолынан келген жоқ еді ғой.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор.